

## **Бастауыш оқушыларымен, әлеуметтік топтағы оқушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету**

1-4 сынып оқушылары және әлеуметтік санаттағы 62 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Асханамызға ИП «Социумпит» қызмет көрсетеді. Ас мәзірін Тағамтану Академиясы бекітеді. Санитарлық талаптарға сәйкес асханада бастауыш сыныптардың тамақ ішу кестесі бекітілген.

Асханадағы бөлмелер мен құрал жабдықтардың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай санитарлық жағдайда болуын, мектеп асханасының көрінетін жерінде дұрыс тамақтану бұрышын ұйымдастыру, ата-ана үшін «Бақылау асын қою», қолданып жүрген заңдылықтарға сәйкес сапалы әрі қауіпсіз азықтармен асхананың қамтамасыз етілуі, оқушылардың тамақтан улануының алдын алу мақсатында асханада газдалған сусындарды, тез дайындалатын тамақты (гамбургерлер, хот-дог, фаст-фуд тағамдары, чипси, кирешки, қуырылған жұмыртқа) құрамында гинетикалық түрлендірілген индигredientтері бар өнімдерді бар қолдануға тиым салынуын мектеп медбикесі қадағалап отырады.

Тамақтану сапасы мен ұйымдастырып бақылауды қамтамасыз ету мақсатында бракеражды комиссия құрамы бекітілді. Бракераж комиссия мүшелері асхана жұмысының дұрыс орындалуын, талапқа сай жұмыс жасауын, даярланған астың сапасын, оның мөлшерін және тағам өнімдерінің құжаттары мен бақылау мерзімінің болуын қадағалайды. Мектеп мейбикесі тамақ дәрумендерін, құрамын тексеріп акт толтырылып отырылды.

Бракераж комиссия мүшелері 11 адамнан құралып, кестеге сәйкес айына екі рет тексеру жүргізеді. Комиссия құрамында қамқоршылық кеңесінің төрайымы және ата-аналар мен мектеп әкімшілігі бар.